

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Тәжірибе жұмысы: «Судың қасиеттері»

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.05.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/152963/

**Атырау облысы Білім беру басқармасының
Исатай ауданы білім бөлімінің
КМҚК «Аққу» бөбекжай бақшасының
тәрбиешісі Нажмеденова Айзада Жеделбайқызы**

Тәжірибе жұмысы: «Судың қасиеттері»

Мақсаты: Су және судың қасиеттерімен таныстыру, Судың барша тіршілік үшін маңыздылығын ұғындыру, Суды үнемдеуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, Тәжірибе жасау дағдысын жетілдіру.

Қызығушылықты ояту

Дид. ойын: «Кім тапқыр?»

Жұмбақ жасыру

Дәміде жоқ, түсі жоқ,

Пайдаланбас кісі жоқ. (СУ) *(сыни ойлау, бала үні, коммуникативтік дағды)*

1. Ой дамыту.

-Су туралы түсінік беру.

-Сұрақ-жауап.

-Су қандай зат?

-Оның қандай пайдасы бар?

-Судың қасиеттері қандай?

— Адамдар суды не үшін пайдаланады?

(ішеді, жуынады)

— Суды адамдардан басқа тағы нелер пайдаланады (жануарлар, өсімдіктер)

-Су аға ма? Неліктен? Өйткені ол сұйық. *(үдеріс арқылы саралау, бала үні, коммуникативтік дағды)*

2. Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрайық,

Мойнымызды бұрайық,

Қолымызды созайық,

Су ішінде қалықтап,

Қәне, жүзіп алайық,
Оңға, солға бір қарап,
Денемізді бұрайық *(физикалық дағды)*

3. Тәжірибе жасау

1-тәжірибе «Су түссіз, мөлдір»

Қажетті заттар: Су, сүт, қасық, стакан

Жасалу жолы: бір стаканға сүт, екінші стаканға су құйып қойып қояды. Екі стаканға қасықты салу арқылы қайсысынан қасық көрінетінін, көрінбейтінін анықтау

2- тәжірибе «Су дәмсіз»

Қажетті заттар: су, шырын, сүт, стакан

Жасалу жолы: Бала көзін байлап 3 түрлі стакандағы сұйықтықты (су, сүт, шырын) ішкізу. Дәмін тату арқылы суды анықтау.

3-тәжірибе «Су түсін және дәмін өзгерту»

Қажетті заттар: субояу, қант, су, стакан

Жасалу жолы: Стакандағы суға әртүрлі субояу қосып, одан белгілі бір түс пайда болғанын, жәнеде стакандағы суға қант қосу арқылы судың дәмін тату арқылы дәмін өзгергенін бақылау.

4- тәжірибе «Су сұйық әрі пішіні жоқ»

Қажетті заттар: су, стакан, әр түрлі пішіндегі ыдыстар

Жасалу жолы: Суды бір стаканнан екінші стаканға құю арқылы сұйық екеніне көз жетізу. Әр түрлі пішіндегі ыдыстарға құю арқылы судың пішіні ыдыс пішіне сай өзгергенін бақылау. ***(өнім арқылы саралау, сыни ойлау, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік дағды, бала үні, тікелей бақылау)***

4. Рефлексия

Сұрақ-жауап

Су қандай? Баланың жауабы.

Ө Тұрманжанов *«Табиғатты аялайық»*

Сүйейік табиғатты, аялайық!

Біз де онан жақсылықты аямайық!

Анадай табиғаттың аясында

Жадырап жас балаша дем алайық!